

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары жөніндегі есептің нысанын бекіту туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы N 75 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 52 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 24 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5644 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 130 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.05.2016 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Инвестициялық қорлардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Б а с қ а р м а с ы **Қ А У Л ы** **Е Т Е Д І :**

1. Агенттік Басқармасының "Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары жөніндегі есептің нысанын бекіту туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы N 75 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4201 тіркелген) Агенттік Басқармасының " Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру қорытындылары жөніндегі есептің нысанын бекіту туралы" 2006 жылғы 25 наурыздағы N 75 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 11 желтоқсандағы N 287 қаулысымен (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4509 тіркелген) енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге мынадай толықтырулар мен өз г е р і с т е р е н г і з і л с і н :

1 - к о с ы м ш а д а :

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Орналастыру кезеңін, инвестициялық пай қорының орналастырылған пайларының санын және орналастырудың жеке әр алдыңғы есептілік кезеңі үшін

олардың төлем сомасын, сондай-ақ инвестициялық пай қорының пайларын орналастырмау жөніндегі ақпаратты мәлімет үшін қабылдау күнін көрсетіп, алдыңғы есепті (есептерді) бекіту күні _____";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Есепті кезеңнің аяқталу күніне инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру туралы мәліметтер:

1) инвестициялық пай қорының пайларын орналастыру кезеңінің басталу және аяқталу күндері _____

_____ ;

2) есепті кезеңде орналастырылған инвестициялық пай қоры пайларының саны _____

_____ ;

3) инвестициялық пай қорының есептік кезеңде сатып алынған пайларының саны _____

_____ ;

4) инвестициялық пай қорының есептік кезеңде пайларын сатып алуға төленген ақша сомасы _____

_____ ;

5) бұрынғы орналастырылған пайларды ескере отырып, есепті кезеңде орналастырылған инвестициялық пай қоры пайларының жиынтық саны (сатып алынған пайларды шегеріп) _____

_____ ;

6) есепті кезеңде инвестициялық пай қорының пайларын төлеуге түскен, есепті кезеңде орналастырылған пайларды төлеуге ақшаның түскендігі туралы кастодиан анықтамасымен расталған ақша сомасы _____

_____ .";

мынадай мазмұндағы 13-тармақпен толықтырылсын:

"13. Пайларды орналастырудың қорытындысы жөніндегі есепті бекітуден бас тартылған жағдайда, басқарушы компания бас тартуды алған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қайталап жетілдірілген есепті уәкілетті органға береді.

Инвестициялық пай қорының пайларын орналастырудың қорытындысы жөніндегі есепті бекітуге құжаттарды қайталап бергенде, қару мерзімін санау қ а й т а д а н б а с т а л а д ы . " ;

1-қосымшаның ескертулеріндегі "үш ай" деген сөздер "үш айдан астам емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-қосымша мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Инвестициялық пай қорының есептік кезеңде сатып алынған пайларының саны _____

— " .
2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Лицензиялау департаменті (Н.Қ. Қасқаманова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастан он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жеткізсін.

4. Агенттік Төрайымының Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары М.Б. Байсыновқа жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова